

**«Ситуациялық тапсырмаларды шешу»
кезеңінен өтуге арналған нұсқаулық**

Құрметті кандидат!

«Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңіне қош келдіңіз.

Сізге осы іріктеу кезеңінің алдында тілді (қазақ немесе орыс) тандау мүмкіндігі беріледі.

Ситуациялық тапсырмаларды шешу прокторинг жүйесін қолдана отырып онлайн

режимде өтеді (прокторинг – автоматты түрде бақылау функциясының көмегімен іріктеу кезеңдерін бақылау және қадағалау рәсімі). Осы кезеңнің қорытындысы бойынша өту жазбасын прокторлар (проктор – іріктеу кезеңдерінен өту рәсімін тексеретін тұлға) бұзушылықтардың бар-жоғы тұрғысынан тексеретін болады. Бұл кезең аудио-видео жазбаға жазылады.

Кезең эссе жазу форматында онлайн-платформада өтеді және кандидат үшін ыңғайлы кез келген уақытта **2025 жылғы 16 тамыздың сағат 00:00-ден сағат 23:59 аралығында Астана уақыты бойынша** өткізіледі.

Аталған кезең мемлекеттік қызметтің ерекшелігіне тән практикалық кейстерді орындау барысында кандидаттардың басқарушылық шешімдер қабылдау қабілетін бағалауға бағытталған.

Ситуациялық тапсырмалар кандидаттар арасында таңдалған салалық бағытқа сәйкес кездейсоқ тәртіппен бөлінеді.

Кезеңнің ұзақтығы – 45 минуттан аспайды, эссе көлемі 500 сөзден көп болмауы тиіс. Ситуациялық тапсырманың шешімін тиісті қызмет бағыттары бойынша бір уақытта үш салалық сарапшы бағалайды.

Қорытынды баға сарапшылар қойған бағалардың орташа мәнінен шығарылады. Осы кезеңнің нәтижелері кандидаттардың жеке кабинеттерінде жарияланатын болады.

Аталған кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткен 300 кандидат келесі «Құзыреттерді бағалау» кезеңіне жіберіледі. Бірнеше кандидат бірдей нәтиже көрсеткен жағдайда, келесі кезеңге көбірек кандидат жіберілуі мүмкін.

Келесі кезеңіне жіберілген кандидаттар жеке кабинетіне хабарлама алатын болады. Хабарлама алғаннан кейін келесі кезеңге жазылу қажет.

«Ситуациялық тапсырманы шешу» кезеңінің ережелері мен шарттары:

- 1) Рәсім кандидат өзі таңдаған тілдердің бірінде (қазақ немесе орыс) өткізіледі;
- 2) Кандидат өз тарапынан **Google Chrome браузері** бар компьютер/ноутбук болуын (кем дегенде 95.x.x. нұсқасы), бөлменің (360 градуста) көрінісін қамтамасыз ететін смартфон/телефон болуы, тұрақты және жылдамдығы кемінде секундына 5 мб интернет, жұмыс істейтін веб- камера, микрофон және жеткілікті деңгейде көрінуге мүмкіндік беретін жарық болуын және бөгде дыбыстың/шудың болмауын қамтамасыз етеді;
- 3) Кандидатқа қашықтықтан қол жеткізу бағдарламаларын, қабылдаушы- беруші құрылғыларды (оның ішінде қосымша ұялы телефондар мен өзге де электрондық құрылғылар/жабдықтар), құлаққаптарды, екінші экранды, қағаз тасығыштарды пайдалануға тыйым салынады;
- 4) Кандидатқа жұмыс орнынан тұрып кетуге немесе біреумен сөйлесуге, соның ішінде телефон арқылы келіссөздер жүргізуге тыйым салынады;
- 5) Кезеңді бастамас бұрын Автоматты аударманы өшіру керек: «параметрлер»

- «тілдер» - «Google аудармашысын пайдалану» - құсбелгіні өшіріңіз;

- 6) Кандидаттың беті веб-камераның көру аймағының ортасында болуы керек;
- 7) Бетке жарық біркелкі түсуі керек, жарық көзі камераға бағытталмауы керек немесе жарық беттің жартысына ғана түспеуі керек;
- 8) Кезеңнен өту кезінде кандидаттың шашы, киімі мен қолы және басқалары бет аймағын, құлақ аймағын жабуға/жасыруға болмайды;
- 9) Кезеңнен бас киіммен өтуге тыйым салынады;
- 10) Кезеңді бастамас бұрын құлақтарыңызды камераға көрсету үшін басыңызды баяу оңға және солға бұруыңыз керек;
- 11) Браузерде кескінді үлкейту үшін «CTRL» және «+» немесе «CTRL» батырмаларын және «тінтуірді айналдыру» (доңғалақ) түймесін басу керек;
- 12) Ситуациялық тапсырмаларын «жазу», «фото», «бейне», «экранды жазу» және «скриншоттар» жасауға тыйым салынады.
- 13) Осы іріктеу кезеңінен қайта өтуге жол берілмейді.

ЕСКЕРТУ!

Аталған талаптар бойынша бұзушылықтарға жол берілген жағдайда іріктеу нәтижелері жойылады!

Ситуациялық тапсырманы шешуді бастамас бұрын Сізге мыналарды жасау қажет:

- ☒ Жұмыс барысында Сізді алаңдатпау үшін жағдай жасап алу;
- ☒ Ситуациялық тапсырманы шешу үшін сілтеме арқылы өту;
- ☒ Пайдаланушы келісімімен танысу;
- ☒ Жалпы сипаттамамен мұқият танысып шығу;
- ☒ Құрылғы параметрлерін тексеруден өткізу:
 - Интернет желісіне қосылғанын тексеру;
 - Браузер мен операциялық жүйені тексеру;
 - Браузер терезесінің масштабын тексеру;
 - Камера мен микрофонды тексеру;
 - Экранды трансляциялау мүмкіндігін тексеру.

Назар аударыңыз!

Кандидаттарға жеке интернет қосылымын (мысалы, үйдегі Wi-Fi) пайдалану ұсынылады. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысына сәйкес, ведомстволық (корпоративтік) желілер бірыңғай интернет-шлюз арқылы шектелуі мүмкін. Бұл қосылуда үзілістердің туындауына немесе жүйесіне қосылу мүмкіндігінің болмауына әкелуі ықтимал.

Осыған байланысты, Резервке іріктеу кезеңдерін онлайн форматта өту барысында кандидаттарға жұмыс орнындағы ведомстволық (корпоративтік) интернет желілерін пайдаланбау ұсынылады.


Кезеңді өту барысында құрылғыда жасанды интеллектке негізделген кез келген бағдарламалар мен сервистерді (оның ішінде ChatGPT және ұқсас жүйелерді) автоматтандырылған жауаптарды өңдеу немесе генерациялау мақсатында пайдалануына, сондай-ақ олардың құрылғыда болуына тыйым салынады.

Аталған бағдарламалар/сервистердің кезеңнен өту сәтінде анықталуы ережені бұзу ретінде бағаланады және кандидаттың іріктеуге қатысуын, кезеңді қайта тапсыру құқығынсыз, тоқтатуға негіз болады.

Сәттілік тілейміз!

1. АВТОРИЗАЦИЯ

<https://www.pkrezerv.gov.kz> сілтеме бойынша өтіп, «Kipy» батырмасын басыңыз:



2. СИТУАЦИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ШЕШУ КЕЗІҢНЕН ӨТУ

Құрметті кандидат! Тестілеу тек Windows 10 немесе одан жоғары нұсқадағы операциялық жүйелерде жүзеге асырылады. Смартфон/телефон арқылы 360 камераны пайдалану үшін, камераңыз QR кодты оқи алатынына көз жеткізіңіз. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, арнайы қосымшаларды жүктеп алуыңызды сұраймыз.

Кандидат қашықтан қол жеткізу бағдарламалық құралын (мысалы: TeamViewer, AnyDesk және басқа ұқсас бағдарламалар) өзінің жұмыс құрылғысында (ноутбук, компьютер) орнатпауға немесе қолданбауға міндеттенеді.

Тестілеуді инкогнито режимінде тапсыруға РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ. Жүйе жауап бермеген жағдайда, жаңарту жүргізіп, F5 батырмасын басуға РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ.


Егер сурет жүктелмесе, оны жүктеу үшін қайта суретті басыңыз.

Жүйе ситуациялық тапсырманың тақырыбын көрсеткеннен кейін Сіздің міндетіңіз 45 минут ішінде (үздіксіз) эссе жазу. Уақыт есептеуі тоқтамайды, сондықтан егер Сізде қандай да бір мәселе туындаса, 45 минутыңыз әлі өтпеген болса, жүйеге дереу қайта кіру немесе бетті жаңарту қажет.

«Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңін 2025 жылғы 16 тамыздың сағат 00:00-23: 59 аралығында өткізуге болады, ол үшін Сізге Жеке кабинетте «Іріктеу кезеңдері мен нәтижелері» бөлімінде Тестілеуді бастау түймешігін басу қажет (бұған дейін «Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» блогының нәтижелерін алғаннан кейін сіз «Ахуалдық міндеттерді шешу» кезеңіне жазылуыңыз керек).




1. Тестілеу тілін таңдау қажет:




2. Пайдаланушы келісімімен танысу:


Тестілеуді бастамас бұрын **пайдаланушы келісімімен** танысу қажет.



3. «Бастау» батырмасын басыңыз. Назар аударыңыз: «Бастау» батырмасын басу арқылы Сіз пайдаланушы келісімімен келісетініңізді растайсыз.






4. Келесі қадам Тексеруді бастау батырмасын басу:



Тексеруді бастау батырмасын басқаннан кейін жүйе келесі құрылғыларды тексереді: фото дайындығы, авторизацияны тексеру, браузерді тексеру, кеңейтімді тексеру, микрофон мен камераның қосылуын тексеру.

Маңызды! Тестілеу кезінде техникалық қиындықтар болмас үшін микрофон мен камера параметрлерін, интернетке қосылуды алдын ала тексеру қажет.
Маңызды! Егер жүйе микрофон мен камераны пайдалануға рұқсат сұраса, ӘРҚАШАН «Рұқсат ету» батырмасын басу қажет:




5. Келесі қадам – Жеке тұлғаны сәйкестендіру, фотосуретті жіберу:

Начать > Идентификация личности > Подготовка > Подключение

Идентификация личности

Перед началом экзамена вам необходимо отправить своё фото, данное фото будет использовано для аутентификации личности.



Сделать фото

Правила

- Ваше лицо направлено прямо в камеру.
- Ваше лицо отчетливо видно, не затемнено, не прикрыто волосами, руками и также посторонними предметами.
- Перед камерой находитесь только вы и никто кроме вас
- Если перечисленные выше правила не будут соблюдены, то система не примет Вашу фотографию

Фотоға қойылатын талаптар:

- Бетіңіз тікелей камераға бағытталуы қажет;
- Бет анық көрінуі керек, көлеңкесіз, шашпен, қолмен немесе бөгде заттармен жабылмауы тиіс;
- Камера алдында тек Сіз болуыңыз қажет;
- Егер аталған талаптар сақталмаса, жүйе фотосуретті қабылдамайды.

6. Фото сәтті өңделгеннен кейін тестілеу блогын таңдау қажет.

Начать > Идентификация личности > Подготовка > Подключение

Выбор экзамена

Пожалуйста, выберите экзамен, который вы хотите сдать

Поиск

Имя

1

Этап 1. Оценка способности работать с текстовой информацией (МЭЗ)
Если доступ к тестированию

Продолжить

7. Жүйе қайта тексеруді жүргізеді:

Начать > Идентификация личности > Подготовка > Подключение


Идет подключение

Пожалуйста, подождите, идет подключение к серверу прокторинга


Проверка браузера У вас установлен браузер	Проверка расширений Нет расширений
Проверка приложения	Проверка интернета
Проверка виртуальной рабочей среды	Проверка флеш накопителей
Проверка количества мониторов	Подключение микрофона
Подключение веб-камеры	Доступ к экрану
Прокторинг 360	Подключение к серверу

8. Жүйенің ұсынымына сәйкес қажетті кеңейтімді орнату үшін «Жүктеу» батырмасын басу қажет:


Кеңейтімді орнату сілтемесі: <https://chromewebstore.google.com/detail/eqyzmet-proctoring/naeiaiklfpgiihmlfdkogijhbakhlkenb>




9. Сондай-ақ, прокторинг жүйесіне қосылуға бағдарлама орнату үшін «Жүктеу» батырмасын басу қажет:




10. Құрылғыңызда «Жүктеулер» қалтасынан қосымшаны тауып, ашыңыз.




11. Қосымшаны ашқаннан кейін прокторинг қосымшасын қолмен орнату қажет. Ашылған терезеде «Орнату» батырмасын басыңыз.




12. Тексеру мен орнатудан кейін «Экранмен бөлісу» батырмасын басып, шағын экранды белсендіріп, «Бөлісу» түймесін басу қажет:




13. Одан кейін жүйе 360 камераны пайдалануды ұсынады. Ол үшін экранда пайда болатын QR-кодты смартфон арқылы сканерлеп, шыққан сілтеме бойынша мобильді құрылғыдан өтіңіз. **Маңызды!** Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін Android құрылғыларында Chrome браузерін, ал iOS құрылғыларында Safari браузерін пайдаланыңыз



QR кодын сканерлеп, сілтемені орындағаннан кейін келесі терезе ашылады. Сіз «Бастау» түймесін басыңыз керек:



Содан кейін «Жалғастыру» түймесін басыңыз:




Осыдан кейін «Дайын» түймесін басыңыз.

Мобильді камераны жұмыс кеңістігі, профильдің бір бөлігі және монитор аймағы көрінетіндей етіп орналастырыңыз.

Қосымша камераны орнату ережелері

Мобильді камераны жұмыс үстелі, сіздің профильіңіздің бір бөлігі және монитордың артындағы аймақ көрінетіндей етіп орналастырыңыз. Мобильді камера пернетақтадан шамамен 50 см қашықтықта орналасуы керек.


Төменде камераны дұрыс орнатылған және дұрыс орнатылмаған суреттер көрсетілген.



14. Ситуациялық тапсырмаларды шешу.

Кандидаттар арасында ахуалдық міндеттерді бөлу кандидаттың салалық бағытына сәйкес кездейсоқ тәртіппен жүзеге асырылады. Кезеңнің ұзақтығы 45 минуттан аспайды, бұл ретте ахуалдық міндеттерді шешу көлемі 500 сөзден аспауы тиіс.


14. Тест аяқталғаннан кейін **Тексеруге жіберу** батырмасын басып, **ОК** түймесімен растау қажет




Жұмыстарды қызметтің тиісті бағыттары бойынша бір мезгілде үш салалық сарапшы бағалайды. Жұмыстарды бағалау белгіленген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады, ал қорытынды баға сарапшылар қойған бағалардың орташа мәнінен шығарылады.

Тестілеу нәтижелері экранда және Жеке кабинетте көрсетіледі.


Егер жүйені алдауға тырысу жағдайы анықталса, тестілеу нәтижелері жойылады.




Экранға қолжетімділік берілгеннен кейін оны жабуға болмайды.



Техникалық ұсынымдар:

№	Мәселе	Әрекет
1.	«Подключение веб-камеры»/ «Веб-камера қосылмады» қатесі	1) Камераның жұмыс істеп тұрғанына және құрылғыға қосылғанына көз жеткізіңіз. Бұл сілтеме арқылы тексеруге болады: веб-камераны тексеру сайты. 2) Камераның операциялық жүйеде қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Windows: Пуск → Параметрлер → Құпиялылық → Камера → Қол жеткізуді қосу. Браузерді қайта іске қосыңыз. 3) Антивирусты уақытша өшіріңіз. 4) Камераны пайдаланатын басқа қосымшаларды жабыңыз. 5) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз
2.	«Проверка расширения»/ «Кеңейтімді тексеру» қатесі	Прокторинг жүйесі браузерге қажетті кеңейтімді автоматты түрде орнатуды ұсынады. Жұмыс станциясын тексеру кезінде «Жүктеу» батырмасын басыңыз. 
3.	«Подключение микрофона»/ «Микрофон қосылмады» қатесі	1) Микрофонның жұмыс істеп тұрғанын және құрылғыға қосылғанын тексеріңіз. Оны онлайн микрофон тексеру сайтында тексеруге болады. 2) Жүйеңізде микрофонның қосулы екеніне көз жеткізіңіз. • Windows: Бастау мәзірін ашыңыз > Параметрлер > Құпиялық > Микрофон. «Осы құрылғыда микрофонға қатынасты рұқсат ету» бөлімінде «Өзгерту» түймесін басып, микрофонға қол жеткізу рұқсаты қосулы тұрғанын тексеріңіз. 3) Антивирусты уақытша өшіріңіз. 4) Микрофонды пайдаланатын басқа қосымшаларды жабыңыз. 5) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
4.	Прокторинг жүйесіне қосылу кезінде интернетті тексеру	1) Интернет жылдамдығы кемінде 1 Мбит/сек болуы тиіс. 2) Интернет байланысын тексеріп, тұрақтануын күтіңіз. 3) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.
5.	«Подключение к серверу»/ «Серверге қосылу» қатесі	1) Антивирусты уақытша өшіріңіз. 2) Микрофон мен камераны пайдаланатын қосымшаларды жабыңыз. 3) Интернет провайдерді ауыстырып көріңіз (мысалы, басқа Wi-Fi немесе мобильді деректер арқылы қосылу). 4) Маңызды! Мобильді деректерді қолданып жатқанда қоңырау келсе, прокторингпен байланыс үзілуі мүмкін. Сондықтан смартфонда кіріс қоңырауларды өшіру ұсынылады. 5) Мәселе шешілмесе, компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.



Jivo Chat – тәулік бойы (24/7) жұмыс істейтін онлайн қолдау қызметінің құралы болып табылады.

Сондай-ақ, тәулік бойы +7 700 096 70 74 нөмірі бойынша қоңырау арқылы қолдау қызметі қолжетімді.